

**БАС РЕДАКТОР**

**Т.Т. Аяпова** – *ф.ғ.д., профессор*

**БАС РЕДАКТОР ОРЫНБАСАРЫ:**

**Г.О. Сейдалиева** – *PhD, оқытушы*

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Ж.А. Абуов** – *ф.ғ.д., профессор*

**К.И. Мирзоев** – *ф.ғ.д., профессор*

**Б.Е. Букабаева** – *ф.ғ.к., доцент*

**З.А. Кемелбекова** – *ф.ғ.к., доцент*

**З.Баданбекқызы** – *ф.ғ.к., доцент*

**Али Али Шабан** – *PhD, Каир (Египет)*

**Фатима Шнан-Давен** – *PhD, (Франция)*

**Әлімсейіт Әбілғазы** – *ф.ғ.д., профессор (ҚХР)*

**У.И. Иноятова** – *п.ғ.д., (Өзбекстан)*

**Осман Кабадайы** – *PhD, (Турция)*

**НӨМІРГЕ ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА:**

**С.Е. Есенаман** – *магистр, оқытушы*

**РЕДАКТОР-КОРРЕКТОРЛАР:**

**С.Н. Балмуханова** – *ф.ғ.к., доцент*

**Г.О. Сейдалиева** – *PhD, оқытушы*

**Р.К. Оразова** – *аға оқытушы*

**Е.З. Есбосынов** – *ф.ғ.к., доцент*

**Б.С. Аширова** – *ф.ғ.к., оқытушы*

**С.Айтказы** – *PhD, оқытушы*

**С.Е. Есенаман** – *магистр, оқытушы*

*Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне  
12.02.2013 жылы тіркеліп, №13343-Ж куәлігі берілді.*

*Шығарылу мерзімі жылына 4 рет*

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Аяпова Т.Т.** – *д.ф.н., профессор*

## **ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**Сейдалиева Г.О.** – *PhD, старший преподаватель*

## **СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:**

**Абуов Ж.А.** – *д.ф.н., профессор*  
**Мирзоев К.И.** – *д.ф.н., профессор*  
**Букабаева Б.Е.** – *к.ф.н., доцент*  
**Кемелбекова З.А.** – *к.ф.н., доцент*  
**Баданбекқызы З.** – *к.ф.н., доцент*  
**Али Али Шабан** – *PhD, Каир (Египет)*  
**Фатима Шнан-Давен** – *PhD, (Франция)*  
**Әлімсейіт Әбілғазы** – *д.ф.н., (КНР)*  
**Иноятова У.И.** – *д.п.н., (Узбекистан)*  
**Осман Кабадайы** – *PhD, (Турция)*

## **ОТВЕТСТВЕННЫЙ ЗА ВЫПУСК ЖУРНАЛА:**

**Есенаман С.Е.** – *преподаватель, магистр*

## **РЕДАКТОРЫ-КОРРЕКТОРЫ:**

**Балмуханова С.Н.** – *к.ф.н., доцент*  
**Сейдалиева Г.О.** – *PhD, старший преподаватель*  
**Оразова Р.К.** – *старший преподаватель*  
**Есбосынов Е.З.** – *к.ф.н., доцент*  
**Аширова Б.С.** – *к.ф.н., преподаватель*  
**Айтказы С.** – *PhD, старший преподаватель*  
**Есенаман С.Е.** – *преподаватель, магистр*

*Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации  
Республики Казахстан 12 февраля 2013 г. №13343-Ж*

*Периодичность 4 раза в год*

**EDITOR-IN-CHIEF**

**T.T. Ayapova** – *doctor of Philological sciences, professor*

**EDITOR-IN-CHIEF’S ASSISTANTS:**

**G.O. Seydaliyeva** – *PhD, senior teacher*

**EDITORIAL STAFF:**

**Zh.A. Abuov** – *doctor of philological sciences, professor*

**K.I. Mirzoyev** – *doctor of philological sciences, professor*

**B.E. Bukabayeva** – *candidate of philological sciences, associate professor*

**Z.A. Kemelbekova** – *candidate of philological sciences, associate professor*

**Z.Badanbekkyzy** – *candidate of philological sciences, associate professor*

**Ali Ali Shaban** – *PhD, Kair (Egypt)*

**Fatima Shnah-Daven** – *PhD, (France)*

**Alimseyit Abilkazy** – *PhD, (China)*

**U.I. Inoyatova** – *doctor of Philological, (Uzbekistan)*

**Osman Kabadayı** – *PhD, (Turkey)*

**EXECUTIVE SECRETARY:**

**S.Yessenaman** – *MA, teacher*

**EDITORS-CORRECTORS:**

**S.N. Balmukhanova** – *candidate of philological sciences, associate professor*

**G.O. Seydaliyeva** – *PhD, senior lecturer*

**R.K. Orazova** – *senior teacher*

**E.Z. Yesbosynov** – *candidate of philological sciences, associate professor*

**B.S. Ashirova** – *candidate of philological sciences, senior teacher*

**S.Aiktazy** – *PhD, senior teacher*

**S.Y. Yessenaman** – *MA, teacher*

*Journal is registered at the Ministry of Culture and Information  
of the Republic of Kazakhstan (Certificate №13343-J) 2013, February 12*

*Periodicity 4 times a year*

**ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ  
ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ  
FOREIGN LANGUAGE EDUCATION**

МРНТИ 14.35.09

*Б.Н. Түймеш<sup>1</sup>, Ж.А. Абуов<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>7M01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының  
2 курс магистранты, Абай атындағы КазҰПУ*

*<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор*

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ  
ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТИІМДІ ӘДІСТЕР  
МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Аңдатпа*

Ұсынылған зерттеу жұмысында ағылшын тілін үйрету барысында ауызша сөйлеу дағдыларын тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану және ағылшын тілін оқытуда АКТ пайдалануға ерекше көңіл бөле отырып, оқушының коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал ету қарастырылған. Шет тілін оқытудың маңызы және оның ерекшеліктеріне, тіл дамыту жұмыстарын тиімді жүргізудің әдістеріне тоқталған. Тілді, оның ішінде оқушылардың шет тілін оқыту барысында диалогтік оқыту технологиясына түсіндірме беріледі. Мақалада ағылшын тілін орта буындағы сынып оқушыларына сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер көрсетілген.

**Түйін сөздер:** АКТ қолдану, тіл дамыту әдістері, диалог, сөйлеу ырғағы, сөз әдептері.

*Түймеш Б.Н.<sup>1</sup>, Абуов Ж.А.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>магистрантка 2-курса специальности  
7M01703 – Иностранный язык: два иностранных языка, КазНПУ им. Абая*

*<sup>2</sup>д.ф.н., профессор*

**ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ И  
УПРАЖНЕНИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ РАЗГОВОРНЫХ НАВЫКОВ  
У УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

*Аннотация*

Данная работа исследует использование эффективных методов и упражнений при обучении английскому языку и развитие коммуникативной компетентности студентов, с особым упором на использование ИКТ при обучении английскому языку. Я акцентировал внимание на важности обучения иностранному языку и его особенностях, методах

эффективного языкового развития. Объясняется технология интерактивного обучения при обучении языкам, в том числе иностранным, в статье показаны методы развития навыков владения английским языком у учащихся средней школы.

**Ключевые слова:** использование ИКТ, методы языкового развития, диалог, ритм речи, речевой этикет.

*Tuimesh B.N.<sup>1</sup>, Abuov Zh.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>7M01703 – Foreign language: two foreign languages,  
<sup>2</sup>nd year master's student, KazNPU named after Abay*

*<sup>2</sup>d. of f.sc., professor*

## **THE IMPORTANCE OF USING EFFECTIVE METHODS AND EXERCISES TO DEVELOP SPEAKING SKILLS OF STUDENTS IN ENGLISH LESSONS**

### *Abstract*

This work explores the use of effective methods and exercises in teaching English and the development of students' communicative competence, with particular emphasis on the use of ICT in teaching English. I focused on the importance of teaching a foreign language and its features, methods of effective language development. The technology of interactive teaching in teaching languages, including foreign languages, is explained, the article shows the methods of developing English language skills among secondary school students.

**Keywords:** use of ICT, methods of language development, dialogue, speech rhythm, speech etiquette.

**Кіріспе.** Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған кезде балалардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, балаларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Қазіргі кезде ағылшын тілін оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, сапалы білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыта отырып, танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау оқушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу – басты мақсат болып табылады. Ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқыту үрдісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған азамат ретінде танылуларына негіз бола алады [1, 25-30 б.].

Ағылшын тілін оқыту үрдісінде ақпараттық білім беру технологияларын қолдануды жүйелілік тұрғыдан жеке тұлға тұрғысынан, іс-әрекет тұрғысынан қараған жөн. Мектепте ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мәселесінің барлық аспектілері ақпараттық технология мазмұнын талдау, ақпараттық технологияның диагностикалық мақсаттылығы, нәтижелілігі, визуалдылығы ғылыми әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, ақпараттық технологияны қолданудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін анықтау негізінде қарастырылады. Ақпараттық білім беру технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалану, өз кезегінде ағылшын тілін оқытудың қарқынын арттыруға бейнелік және теориялық ойлайын дамытуға, оқушылардың ақпараттық қоғамның жағдайларына бейімделуіне ықпал етеді. Мектепте ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі бағыттары электрондық оқулықтар мен ғаламтор желісін пайдалану болып табылады. Ғаламтор желісі оқушылардың

ой-өрісін кеңейтуге ықпал жасайды. Сонымен қатар қазіргі оқыту құралдары: компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интербелсенді бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар әр түрлі оқыту үрдісін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастыруда, өзіндік жұмыстарды орындауда әдістемелік құрал ретінде де маңызды. Интербелсенді тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютердің, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды, интербелсенді тақтаны пайдаланғанда:

- 1) Лексиканы оқуға үйренеді.
- 2) Сөйлеу ырғағы.
- 3) Диалог, монолог және рөлдік ойындарды.
- 4) Хат жазуға үйренеді.
- 5) Грамматикалық ұғымдарды түсінеді.

Ағылшын тілі пәнінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың элементтерін қолдана отырып, оқушылардың тілді жетік меңгеруге деген қызығушылығын арттырады. Жалпы АКТ пайдаланудың тиімді тұстары: - оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады; - танымдық қабілеттілігін қалыптастырады; - оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды; - мұғалімнің уақытын үнемдейді; - қосымша мәліметтер береді. Яғни, әр ағылшығ тілі оқу іс-әрекеттерінде слайдтар қолдану арқылы өткізсек, балалардың тілге деген қызығушылығын арттыра алатынымыз сөзсіз. Балалардың шет тіліне қызығушылығын оятқан кезде ғана кез келген жетістіктерге жетуге болады, яғни оқыту барысында АКТ арқылы балалардың тілге деген құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру. Бұл дегеніміз қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылыми құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілігі ол – ағылшын тілін оқыту [2, 20-24 б.].

Мектептерде оқу сапасын жақсартуда әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз деңгейінде нәтижелер беруде. Ағылшын тілі ана тілімен қоса оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, оны өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне де үйретеді. Оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру мектепте берілетін білім мазмұнының негізгі мақсаты болып табылады, оқулықпен және басқа оқушылармен қарым-қатынас барысында оқушы барлық пәндерді меңгереді. Шетел тілін оқушыларға үйреткенде біз оларға басқа халықтың мәдениетіне әрі дүниежүзі мәдениетіне жол ашамыз, басқа халықтармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туады.

Шетел тілінде оқушылар дұрыс қарым-қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс. Шетел тілінің қызметі – оқушыларды өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықпен түсіністік, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беріп әрі жеке басын, өмірге көзқарасын жан-жақты дамыту. Шетел тілі пәні бойынша білім мазмұнына тақырыптар, қарым-қатынас ситуациялары, мәтіндер, тілдік материалдар; лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, практикалық біліктер, сөз әдептері, оқу әрекетінің тиімділігін іске асыратын жалпы оқу білік дағдылары жатады.

«Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі жойылады» - деген К.Ушинскийдің даналығында. Бүгінгі қоғам мұғалімнің біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, өйткені қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Мектептегі басты тұлға мұғалім, осы мұғалімнің алдында тұрған басты мақсат рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оқушылардың шет тілінде дұрыс сауатты сөйлеуінде тілдік материалды меңгерудің

рөлі өте зор. Сөздік жұмыс мәтінде кездесетін жаңа сөздерді іздеумен қоса түрлі тұрақты сөз тіркестерді, қосымша мағыналы сөздермен жаттығулар орындау арқылы жүзеге асады. Фонетикалық материал бір қарағанда, жоғары сыныптарға керегі жоқ сияқты болғанымен, кейбір дыбыс емлесінің ерекшеліктері, дауыс ырғағы, екпін түсіру сияқты нәрселерді сабақта еске түсірудің маңызы зор. Оның бәрі оқушының тілге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың әсерлі өтуіне септігін тигізеді.

**Әдіс.** Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде.

Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан-сала-лағына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір-бірімен байланысып кірігеді. Ағылшын тілі сабақтарында компьютермен жұмыс істеу де ерекше орын алады. Қазіргі таңдағы техникалық оқыту құралдары – телефон, телевизор, магнитофон, мультимедиялық кабинет арқылы оқыту тілдерді меңгерту қызметіне жаңаша қарауды, бұл бағытта қол жеткізген табыстарымызды сын көзбен қарап, саралап ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізуді қажет етеді [3, 10-13 б.].

Тіл дамыту жолдарын дұрыс ұйымдастыру оқушылардың ойлау қабілетін, сауат-тылығын арттырудың негізгі жолы. Бұл мәселе ағылшын тілі пәніне де тікелей байланысты. Осы саладағы пәннің негізгі мақсаты мектеп оқушыларын шетел тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу. Осы жолда мұғалімнің шығармашылық белсенділігі, іскерлігі үлкен көрініс табады.

Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көздеген нәтижеге жетеді. Бұл нәтижеге жету үшін мұғалім тіл дамыту жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастыра білуі керек. Оны қандай тиімді жолдармен жүргізуге болады?

Сабақты баланың ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті қолдана отырып бастау керек. Ол әдістің бірі – диалог. Бұл әдіс бір жағынан оқушының тілін шетел тілінде сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесу болып табылады. Диалогты үлгерімі орташа оқушыларға пайдалану тиімді. Диалог арқылы әр сабақта оқушымен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл сыныпты жұмылдырып алып, балалардың зейінін өзіне аудару арқылы түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділіген арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады:

1. Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

2. Көрнекі әдісті – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.

3. Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады. 5- сыныпта What do you want to be? тақырыбындағы сабақта жаңа сөздер және жаңа сөз тіркестерімен танысқан соң, жұптық тапсырма бердім. Яғни әрбір оқушы көршісінің қимыл қозғалыстары арқылы сабақта үйренген жаңа сөз тіркестерін пайдалана отырып қандай мамандық иесі екенін табу керек. Оқушылардың белсенді жұмыстануына жақсы септігін тигізеді.

4. Іздену әдісі – өзінше ойлануды және зерттеу қабілеттерін дамыту үшін оқушыларды

тақырыпты проблемалық оқытуға әзірлеуде қолданылады.

5. Индуктивтік әдіс – қорытынды жасау қабілетін дамыту күрделендіре оқыту үшін, ойлау қабілетін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

6. Өзіндік жұмыс әдісін – оқу әрекетінде жұмыс істеуде қабілетті дамыту және оқу еңбегінде дағдыны қалыптастыруда жеңіл тақырыптарды өз бетінше дайындауға, дидактикалық материалдармен тиімді жұмыс жасай білуге баулу үшін қолданылады.

7. Ойын әдісі – оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады [4].

#### **Тапсырмалары:**

1. Мәтінді қатесіз, дауыс ырғағын сақтай отырып оқу;
2. Мазмұнын түсіну;
3. Тірек-сызба сөздері арқылы баяндау;
4. Мазмұнын түсінуі бойыншы сурет салып, суреттеу.

Келесі жаттығу түрі сөйлеуге үйрету. Диалогты сөйлеуде – оқушылар сұрақ – жауап, өтініш айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы қажет.

Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warming up» жаттығуын кіргізуге болады. Тілдік жаттығудың мақсаты – сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым-қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарылата түседі.

Шағын шығарма жазу оқушылардың тек жазу, тілді түсіну, сөйлеу қабілеттерін арттырып қана қоймай әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына себеп болады. Бұндай шығармаларды көп уақыт алмай 5 минуттық жазу ретінде өткізу әбден мүмкін немесе үй тапсырмасына беруге болады. Баланың іздену қабілеті дамиды. Тексеру кезінде баланың жіберген қателеріне көңіл бөлмей, оның идеясына, өмірлік тәжірибесін сипаттай білу қабілетіне, өз бетінше жұмыстанан мәтіннің құрылымына көбірек назар аударған жөн. Тақырыптар түрі сан алуан: “Young people and their problems”, “My favourite singer or actor”, “My hobby”, “Environmental problems”, т.б.

Келесі жаттығу түрі «Find the words» деп аталады. Нұсқау бойынша балалар сөзді табу тиіс.

Bread

E – is exactly in the middle.

D – is at the end.

B – is one of the letters before e.

R – is between b and e.

A – is between e and b.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі – «Brainstroming» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру, оны әңгімелеп айту болып табылады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады. Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады.

**1-тапсырма.** Сабақ басталар алдында тіл жаттықтыру мақсатында Tongue-twister мен



бастайтынымыз белгілі.

1. Pat's black cat is in Pat's black hat.
2. A girl sees six big grey geese.
3. A cup of nice coffee is a nice coffee cup.
4. Snow is so snowy when it is snowing.

**2-тапсырма.** Ask Yes-No questions and guess the Animals

Is it ...?

Does it ...?

Has it got ...?

Can it ...? (Сұрақты мағынасына қарай аяқтап қандай жануар жасырып тұрғанын табу керек. Сурет бойынша)

**3-тапсырма.** Guess the Animals (Мәтін бойынша табу)

I'm brown, black or grey. I live on the trees. I move, jump, run very quickly. I eat plants. I am funny. I can hang by my long tail (a monkey).

There is an animal that has a beautiful yellow skin with black stripes on it. It is a very dangerous wild animal. It lives mostly in hot countries (a tiger).

This animal has got long legs and a long neck. It is brown. It can run fast. It can go without food and water for a long time. What is it? (a camel).

I'm grey and I'm big. I live in the jungle, but you can also find me at the zoo or in the circus. I don't eat meat. I like leaves, vegetables, grass and fruit (an elephant).

**Нәтиже.** Тәжірибе көрсеткендей, әдеттегі бірсарынды сынып сабағындағы үндемес оқушылар диалогтік кезінде өте белсенді болады. Өйткені осындай сабақтар кезінде ол тең құқықтыққа ғана қолы жетіп қоймай, алдыңғы қатарлы, әрекетшіл болып басқаларды өзіне тартатын мүмкіндікке ие болады. Оқығаны туралы өзінің бағасын бере отырып, пікірін, ойын дұрыс айта біледі. Күрделі емес пікір сайысқа қатысып, өз ойын аргументтеу, дәлелдей білуді үйренгенінің өзі мен үшін де, оқушы үшін де жетістік болды.

**Талқылау.** Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріледі. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір-бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Мұғалім жай, бір сарынды үнмен сөйлесе немесе тек өзі сөйлейтін болса оқушыларда селкостық пайда болады. Бұл көріністі бұрынғы өткізіліп жүрген сабақтарымды зерттеу барысында ұйымдастырылған мектептегі тәжірибе барысындағы сабақтарыммен салыстыра отырып аңғардым. Бұған дейінгі дәстүрлі сабақ беру үрдісі бойынша мәтінді өзім оқып, аударып, тақырып бойынша қажетті ойлар мен ақпараттарды өзім беріп, өзім талдау жасап, тек олар тыңдаушы және көшіріп алушы болды. Мұның соңы оларды немқұрайлыққа әкелді. Жіберілген осы сынды қателіктер мен кедергілерді жоюға зерттеу барысында игерген білімдерім үлкен септігін тигізді.

Оқушылардың өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасап, өз пікірін, өз ойын айтуға бағытталған тапсырмалар ұсынып, оларға топтарда бірлесе жұмыс жасауға, ортақ пікір шығаруға мүмкіндік бердім. Бұл жұмыстар барысында оқушылардың мәтінді оқып, таныс емес сөздерге мән беріп, аударып, бір-біріне кеңес беріп, одан нәтиже шығаруы мені қуантты. Ең бастысы сабақ үдерісінде балаларға ой тастап, оларды тақырыпты талдауға, дәлелдеуге, жауаптарын салыстыруға, зерттеулерін негіздеуге жетелеу керек екеніне көз жеткіздім.

**Қорытынды.** Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда. А.Байтұрсынов өзінің «Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «...Мұғалім қандай болса, мектеп, пән сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді,

педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» [5].

Қорытындылай келе, егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан- жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1 Керимов В.Ш. Орта жастағы студенттерге шет тілін оқытуда мультимедиялық ресурстарды пайдалану // Ғылыми форум: Педагогика және психология: Ғылыми-практикалық конф. – №2(2). – М.: Эд. «МТСНО», 2016. – 25-30 б.

2 Жұмаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. – Қызылорда: Санат, 2012. – 20-24 б.

3 Брекеева А.С. Жаңа білім беру әдісі // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі, 2014. – №1. – 10-13 б.

4 Кенжеева Г.Қ. Оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманауи технологияларын оқыту үрдісіне енгізу негізінде педагогикалық ұжымының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру // Мектептегі шет тілі = Иностраннй язык в школе. – №4.

5 [https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет\\_Байтұрсынұлы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет_Байтұрсынұлы). Туындылары.

МРНТИ 14.35.09

А.Р. Халенова<sup>1</sup>, Л.М. Алиярова<sup>1</sup>, Л.М. Махажанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ҚазҰУ аға оқытушысы

## ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада студенттерді арнайы мақсаттар үшін ағылшын тілінде өз бетінше жұмыс істеуге үйрету және студенттердің өздігінен білім беру жұмысына дағдыларын дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттіліктерін қалыптастыру және сынып мазмұны бойынша пән мазмұнын меңгерудің маңыздылығы қарастырылған. Оқытушылардың және студенттердің жеке сұхбаттары студенттердің өзіндік жұмысын басқаруда шешуші рөл атқарады. Ағылшын тілін арнайы мақсатта оқытудың маңызды құралы - мәдениетті, әдет-ғұрыпты, күнделікті өмірді, әдет-ғұрыпты, өндірісті, өндірісті және әлеуметтік мәселелерді зерттеу. Ағылшын тілін мақсатты түрде оқыту - бұл қазіргі заманғы ағылшын тілін оқыту мен әдістемесінің бір түрі және бұл әдіс университет оқытушыларымен тікелей байланысты, өйткені университетте әр түрлі мамандықтар дамитыны белгілі. Мұны жасай отырып, осы әдісті сабақта толық зерттеп, талдап, қолдансақ, ағылшын тілін белгілі бір мақсатқа үйрету жетістік болар еді.

**Түйін сөздер:** өзіндік жұмыс, жеке тұлға, шығармашылық, ақпаратты білім, әдістің мақсаты.

Халенова А.Р.<sup>1</sup>, Алиярова Л.М.<sup>1</sup>, Махажанова Л.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>старший преподаватель, КазНУ имени аль-Фараби

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ В ВУЗАХ

### Аннотация

В этой статье рассматривается важность обучения студентов к самостоятельной работе по английскому языку для спец. целей и развитие у студентов навыков самостоятельной учебной работы, формирование потребностей в самообразовании и освоение содержания дисциплины в ходе аудиторных занятий. Важнейшую роль в руководстве самостоятельной работой студентов играют индивидуальные собеседования преподавателя и студента. Важнейшим инструментом для обучения английскому языку для специальных целей является изучение культуры, обычаев, быта, производства, промышленности и социальных вопросов. Целевое обучение английскому языку – это вид обучения и методика современного английского языка, и этот метод имеет прямое отношение к преподавателям вуза, так как известно, что в университете развиваются специальности в различных областях. Осуществляя это, было бы достижением преподавать английский для конкретной цели, если бы мы полностью изучили, проанализировали и применили этот метод в классе.

**Ключевые слова:** самостоятельная работа, личность, творчество, информационные знания, цель метода.

A.R. Khalenova<sup>1</sup>, L.M. Alyarova<sup>1</sup>, L.M. Mahazhanova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Senior teachers of al-Farabi Kazakh National University

## EFFICIENCY OF STUDENTS SELF STUDY WORK IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

### Abstract

This article touches upon the importance of teaching students to work independently in English for special purposes, and develop students' skills of independent study work, the formation of needs for self development and maintenance of discipline in the classroom. A crucial role in guiding the students' independent work is played by intercommunication of the teacher and the student. The most important tool for teaching English for special purposes is the study of culture, customs, life, customs, production, industry and social issues. Special-purpose teaching of English is a type of teaching and method of modern English, and this method is directly related to the teachers of the university, as it is known that the university develops specialties in various fields. By exercising this, it would be an achievement to teach English for a specific purpose, if we fully study, analyze and apply this method in the classroom.

**Keywords:** independent work, personality, creativity, information knowledge, the purpose of the method.

Х-ғасырдың соңында ХІ-ғасырдың басында тілді кәсіби бағытта үйретуді дамыту еркше орын алды, ол ғылымның тікелей дамуымен байланысты жағдай. Тілді үйретудегі бұл

әдіске Европа Кеңесі яғни бұл ұйым европа елдеріндегі мәдени және ағартушылыққа жауапты ұйым болғандықтан бірге әрекет етті. Себебі осы мемлекеттерде белгілі бір маманды дайындауда шет тілін білу және алынған білімді, қабілетін және шеберлігін көрсету үшін қолдану.

Шет тілін білу маманның тек өз елінде ғана емес, шет елмен партнерлік қарым қатынаста жылдан жылға басқа да елде жұмыс істеу біздің өмірімізге енуде. Қазіргі таңда қандайда бір маман болмасын «қандай шет тілін білесіз?» деген сұрақ, талаптар қойыла бастауда. Сонымен жоғарыда айтап өткенімізден шығатын қорытынды шет тілін білу қазіргі замандағы білімді адамның өміріне толық енді деген қорытынды шығады. Бұдан басқа, дүниежүзілік білім берудегі үрдісті де ескеру керек. Осыны айта отырып меңзейтін жағдай «Европаның бір экономикалық кеңістікте бірігуі, европа кеңістігіндегі жоғары білімнің қалыптасуына ықпал етті» [1, 10 б.], өз бейнесін 1999 жылы басталған Болондық үрдісте тапты. Қазақстан Республикасының білім берудің инновациялық дамуы қазіргі таңда осыны ескереді содықтан жоғары оқу орнының оқытушылары жаңа жоғары оқу орнының парадигмасын іске асыруға кірісіп кетті, ол мамандардың ХІ-ші ғасырдың талаптарына сай болу міндетті бағыт боп саналады.

Жоғары оқу орнының жаңа мақсаттары мен міндеттері халықаралық және ұлттық құжаттарда айқын көруге болады. Оларға тоқтала кетсек:

- жеке тұлға мәдениетін дамыту яғни бұл сөзді кең мағынада түсінсек – сөйлеу мәдениетінен бастап, этника аралық қарым қатынасқа дейін;
- жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін жоғары оқу орнында мақсатты таңдаудағы жауапкершілігін, әдісін, бағытын дамыта отырып жүзеге асыру;
- өз бетінше білім алу талаптарын қалыптастыру, білімнің үздіксіз керектігін түсіне отырып толықтыруы және оны іс жүзінде ақпараттық кеңістікте үстем болу;
- интерактивті негізде оқуды ұйымдастыру.

Қазіргі таңда дүние жүзілік білім беру, жылдам қарқынмен оқыту үрдісінің сапалы да жемісті болуы аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарта отырып, студенттердің өзінді жұмыстарына уақытты көбірек беру, олардың шығармашылық қабілетінің өсуіне әсерін тигізетіндігі сөзсіз. Ол әрине, оқу жылының басында студенттердің өзіндік жұмыстарын жүйелі түрде жоспарлау білім сапасының көтерілуіне әсер етеді. Осыған байланысты, өздік жұмыстарын орындау үшін әр студентке оқу-әдістемелік құралдарын көрсетіп, өздік жұмыстарына семестрдің басында дұрыс тапсырма беру, соған байланысты әр тапсырманың ұйымдастыру-әдістемелік материалдары болуы тиіс. Ежелгі грек материалісі, философ Демокрит айтқандай, «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі».

Студенттердің қарқыны қай пәнді болсын оқу кезіндегі өздік жұмыстарының дәрежесімен сипатталады. Сонымен, студенттердің өздік жұмыстарының ішкі мазмұны – оқытушының қатысуынсыз немесе көмегінсіз дайындалу ғана емес, студенттің әрекеті алған ақпаратты білімге қолдана білуге айналдыру функциясы мен сол қызметті басқара білу функциясының үйлесімділігінен тұрады немесе олардың өздерінің алдарына қойған мақсаттарына жету үшін құрған амалдарын білдіреді десек те болады. Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады:

- студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау,
- әдістемелікпен қамтамасыз ету,
- бақылау және орындалу бағасы, талдау және жетілдіру.

Атақты ғалым академик А.Н. Крыловтың айтуынша жоғарғы оқу орнының негізгі міндеті – «оқи білуге үйрету», ешқандай оқу орны өз ісін толық меңгерген маманды әзірлеп шығармайды, нағыз кәсіби маман тек өзінің дербес әрекетінің нәтижесінде қалыптасады. Міне осындай «оқи білуге үйрену» дағдысы тек өзіндік сабақтар негізінде тиімді жүзеге асырылады. Ал оқытушы басшылығымен өткізілген студенттердің өзіндік жұмысы олардың

теориялық материалды қабылдау сапасын жоғарлатып, кәсіби біліктіліктерінің артуына жағдай туғызып, белгілі сарамандық дағдыларды студенттердің қабылдауына оқытушы қатысынсыз жүргізілген өзіндік жұмысқа қарағанда көбірек мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыс – аудиториядағы сабақта және одан тыс уақыттағы студенттің жеке танымдық қызметі. Студенттің өзіндік жұмысы көп қырлы, анық, бір жүйеге келтірілген, нақты білім мен практикалық ептілікке бағытталуы керек. Қазіргі заманғы білім беру реформасының стратегиялық мақсаттарының бірі жеке тұлғаны шығырмашылық тұрғыдан тәрбие беру, күннен күнге қиындап бара жатқан әлемде өмір сүруге, еңбекке дайын болу /2, 520 б./.

Кез келген пәнді үйретуде маңызды өзіндік жұмыссыз мүмкін емес. Ал шет тілін үйренуде өзіндік жұмыстың ролі екі есеге артатыны белгілі. Мына мысалдың өзі жеткілікті «Бала өз тілін үйренде бір сөзді қайта қайта естиді, қайталайды, айтады және әр түрлі грамматикалық формада қайталайды, әрине сол сөз өзінің активті сөз қорына енгенінше. Шет тілін үйренгенде адам да соны қайталайды: айтылуын оқып жаттығады, сөзді қайталайды, есте сақтай отырып сөйлемді белгілі сөз тәртіппен құрайды. Осындай өнімділіктің болуын әрине «тандем» сабақ – өзіндік жұмыс қамтамасыз етеді /3, 222 б./.

Ал Г.Н. Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады [4, 36 б.].

Студенттердің ағылшын тілінен өздік жұмысын жүргізу барысында мынадай білімділік дағдылар іске асады:

1. Ағылшын тілінен өткен материалдарды бекіту, нығайту;
2. Студенттердің ағылшын тілінен білімін кеңейту және тереңдету;
3. Студенттердің логикалық ойлауын дамыту, жазбаша және ауызша сөйлеу тілін қоса дамыту;
4. Орфоэпиялық, орфографиялық және пунктуациялық білімдерін қалыптастыру, тілді үйрену қабілетін дамыту;
5. Студенттерге тілдік орта жасау, тілдік ситуациялар туғызу, олардың ағылшынша сөйлеуіне толық жағдай жасау;
6. Студенттердің ағылшын тілін дамыту, сөйлеу белсенділігін арттыру, ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде берілетін тапсырмалардың тәрбиелік мәні де күшті болуы қажет. Онда мынадай міндеттер қарастырылады:

1. Ағылшын мәдениеті, салт-дәстүрі, әдебиеті жайлы берілетін тапсырмалар арқылы білімін арттыру;
2. Ағылшын тілінің байлығын таныстыру арқылы тілге деген қызығушылығын арттыру, тілге деген сүйіспеншілік сезімін тудыру, оны қалыптастыру. Ағылшын тілі пәні оқытушысының тілді үйрету ынтасы, тапқырлығы студенттің өздік жұмысын дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Студенттерге өздік жұмыстарының тақырыптарын іріктеп беруде оны сөйлесіп үйренуге қажетті тілдік материалдармен байланыстыруға ұмтылу қажет. Сонымен бірге студенттердің сұранысын, қабілетін есепке алып отыруға тиіс.

Студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мен басқаруды дамыту жолдары: Өзіміз дайындаған силлабуста аудиториядан тыс жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары беріледі. Студенттің жазбаша сөйлеу тілін дамытуда екі тілге аударылған мәтін түрлерін салыстыра отырып, оны өз сөзімен ағылшын тілінде жеткізуге дағдыландыру әдісін де қолданамыз. Студенттің өзіндік ізденуіне викториналық сұрақтар ойынын ұйымдастыру да өз әсерін тигізеді. Сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін студенттің көп оқуы, ізденуі қажет. Себебі бұл – жарыс.

Викториналарды әр түрлі өткізуге болады.

1. Сұрақтарды ертерек беріп қойып, соған студенттердің жазбаша түрде жауап беруі.

2. Сұрақтар ауызша қойылады да, студенттер сол арада жауап береді.

3. Сұрақтар жазбаша беріледі де, сол арада жазбаша жауап береді.

Мазмұнына қарай викториналық сұрақтар екі түрлі болуы мүмкін.

1. Пән бағдарламасы бойынша, өтілген материалдар бойынша сұрақтар.

2. Оқу бағдарламасынан тыс танымдық сұрақтар. Мұнда студенттің логикалық ойлау қабілеті шыңдалады, әрі өз ойын шапшаң жеткізу үшін сөздерді, сөз тіркестерін тиімді пайдалану дағдысы дамиды.

Студенттердің өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда басқа да жұмыс түрлерін, білім берудің көптеген әдіс-тәсілдерін қолдануға болады. Бұл үшін ағылшын тілін өзге тілді аудиторияда жүргізетін оқытушының шеберлігі, ізденімпаздығы, ең бастысы, өз тіліне деген сүйіспеншілігі басты орында тұруы қажет. Жоғары оқу орындарында тілдік емес факультеттерде «ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқыту» атты пән жүреді. Осы пәнді оқытудағы студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру ол тікелей оқытушыға байланысты. Ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқыту барысында оқытушыға қандай білім керек? – деген сұраққа оқытушы осы саланы терең оқуы қажет емес деп жауап береміз.

Оқытушыға тек 3 нәрсе қажет:

1) Ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқыту барысында мәтіннің мағынасын дұрыс түсіну керек.

2) Тақырыпқа қатысты негізгі үрдістерді білу керек.

3) Оқытушы студенттердің осы тақырыпқа байланысты не білетінін анықтау арқылы сезіну.

Ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқыту әдісінің ең маңызды құралы ретінде мәдениет, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, өндіріс-өнеркәсіптік, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді үйрену болып табылады. Ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқыту қазіргі ағылшын тілі әдістемесін оқытудағы және әдістің түрі болып табылады және бұл әдіс жоғарғы оқу орнындағы оқытушыларға тікелей қатысы бар, себебі, жоғарғы оқу орнындағы әр түрлі салада мамандықтар жаярлап шығатындығы белгілі. Ол үшін бұл әдісті толығымен зерттеп, талдап оқып, оны аудиторияда қолдансақ, бұл ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқытудың жетістігі болар еді. Өзіндік жұмысты тиімді дамыту үшін қолданатын әдістемелер, жобалар, сабақтың жоспары айқын да анық болуы керек, яғни әр курстағы белгілі мақсатты анықтауымыз керек. Сонымен ағылшын тілін арнаулы мақсатпен оқыту идеясы – ол студенттерді немесе оқушыны шығармашылық түрде ойлауды қалыптастыру, көркемдік мәтінге талдау жасау және мәдениеттану аспектілерінен тұрады. Әлеуметтік-мәдени тұрғыда оқыту, үйрену ол кез келген тілді үйренудің тиімді түрі болып саналады. Себебі, мәдениет – ол адамның өмір сүру жолының, қабылданған мінез-құлық үлгілерінің, қарым-қатынастың және мәліметтердің жиынтығы. Бұл әдіс өте ыңғайлы да пайдалы, себебі мәдени-тарихи деректерді мол қамтый отырып әңгімелеу әдісімен жазылған материалдар көлем шағындығымен түсінікті жатық тілмен адамдардың қандай деңгейде тілді білуіне физиологиялық сәйкестендіре отырып беру. Бұл әдістің мақсаты жоғарғы оқу орындарындағы өзіндік жұмыстардың барлық салада білімді тереңдету, өз бетімен зерттеудің әдістері мен дағдылаын игеру, ғылым мәселелерді шешу болып табылады. Р.С. Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктілер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады» [5, 19 б.].

Студенттің өзіндік жұмысы логикалық ойлауды, дамытуды шығармашылық белсенділікті, оқу материалы негізінде зерттеушілік ықпалына қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды жүзеге асырумен байланысты.

Студенттің өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай жоғарғы оқу орындарында әр білім

алушыдан ой еңбегінің пайдалы әдістерін білуі, яғни аз уақыт ішінде қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, теорияны, фактілер, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын айқын айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі мәселелерді, шығармашылықпен шеше білуді үйренуі талап етіледі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Болонская декларация. Зона европейского высшего образования. Совместное заявление европейских министров образования. – Боллония, 19 июня 1999.*

2 *URL: <http://www.evro-vector.narod.ru/DeclaratsiyaEvroEdu.htm>*

3 *Астахова В.И. Становление новой образовательной парадигмы на рубеже веков / Вченізап.Харк.гуманитар.ун.ту. – Харьков: Видво НУА, 2004. – Т.10. – 526 с.*

4 *Абашева Е.К. К вопросу о самостоятельной работе студентов, углубленно изучающих иностранный язык в неязыковом вузе. – Рига, 2004. – С.221-223.*

5 *Исмаилова Р.Б. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – №5, 6, 2012. – Б.36-37.*

6 *Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. – Алматы, 1999. – 18-23 б.*

*МРНТИ 811.161.1.*

*Zharymbetova R.N.<sup>1</sup>, Musanova G.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Senior teachers of Foreign Language Department  
Kazakh National University named after al-Farabi*

## **THE MOST COMMON DIFFICULTIES IN LISTENING COMPREHENSION**

### *Abstract*

Every aspect of the language requires thorough investigation and research as it has own peculiar features which demand to be taken into consideration. We know that language came into life as a means of communication. It exists and is alive only through speech. When we speak about teaching a foreign language, we first of all have in mind teaching it as a means of communication. One of the ways to do so is teaching listening comprehension. This aspect is not very thoroughly studied and is still in the focus of many methodologists' attention.

The article considers problems and difficulties of listening comprehension. The aim of the article is to find out what is listening comprehension is its peculiarities; the most appropriate ways and methods of teaching in order to make a successful learning. If we give the definition to the word "listening" – listening is the ability to identify and understand what others are saying. This involves understanding a speaker's accent or pronunciation, grammar and vocabulary, and grasping the meaning. An able listener is capable of doing these four things simultaneously.

**Keywords:** listening comprehension, grasp, utterance, retain, anticipation, perception, spoken discourse, efficient listener.

Р.Н. Жаримбетова<sup>1</sup>, Г.А. Мусанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Шет тілдер кафедрасының аға оқытушылары,  
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

## ТЫҢДАП-ТҮСІНУ ӘРЕКЕТІНДЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР

*Аңдатпа*

Тілдің әр аспекті өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты назарға алына отырып, терең зерттелуді талап етеді. Біз тілдің өмірде қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатынын жақсы білеміз. Тіл сөз түрінде өмір сүреді. Біз шетел тілін үйрету мәселесі туралы сөз қозғасақ, біріншіден сол тілді қарым-қатынас құралы ретінде көздейміз. Шетел тілін үйретудің бір құралы тыңдап-түсіну әрекеті болып табылады. Аталмыш аспект толығымен зерттеліп болған жоқ, сонымен қатар ол көптеген әдіскерлердің назарында.

Аталған мақала тыңдап-түсіну әрекетінде кездесетін қиындықтар мен мәселелерді қарастырады. Мақаланың басты мақсаты тыңдап-түсіну әрекетіне толық анықтама беріп, оның ерекшеліктеріне назар аудара отырып, тыңдалым әрекетін дамытудың тиімді жолдарын қарастыру болып табылады. Егер біз «тыңдау» сөзіне анықтама берер болсақ, ол сөйлеушінің не айтқанын анық түсіну. Тыңдап-түсіну дегеніміз сөйлеушінің акцентін, сөздерді дыбыстауын, грамматикасын, лексикасын түсіну. Қабілетті тыңдаушы осы аталғандарды бір мезгілде қабылдау қасиетіне ие. Шетел тілінде тыңдағанда студенттер өте мұқият болуы тиіс. Тыңдаған дыбыстарды есте сақтау және оларды қайта жаңғырту үшін студенттер есте сақтау қабілетін жақсартуға күш салуы тиіс. Шетел тілінде тыңдау барысында кездесетін үш түрлі қиындық бар. Олар: фонетикалық, лексикалық және грамматикалық.

Оқыту үдерісінде жетістікке жету оқытушыға тікелей байланысты. Сондықтан әрбір оқытушы нені және қалай үйрететінін білуі қажет. Тыңдап-түсіну қабілеттілігін дамыту үшін оқытушы сабақты ағылшын тілінде жүргізуі тиіс. Тыңдалым әрекеті шетел тілін үйренуге деген ынта-ықыласты арттыруда үлкен рөл атқарады. Студент тыңдағанын түсінгенде ғана сөйлеуге, яғни қарым-қатынас жасауға дайын болады.

**Түйін сөздер:** тыңдап-түсіну, түсіну, айтылған сөз, есте сақтау, болжам, қабылдау, пікір, мұқият тыңдаушы.

Жаримбетова Р.Н.<sup>1</sup>, Мусанова Г.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>старший преподаватель кафедры иностранных языков,  
Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби

## САМЫЕ ЧАСТО ВСТРЕЧАЮЩИЕСЯ ТРУДНОСТИ В ПОНИМАНИИ ПРОСЛУШИВАНИЯ

*Аннотация*

Каждый аспект языка требует тщательного расследования и исследования, поскольку оно имеет только свойственные специфические особенности, которые требуют быть принятым во внимание. Мы знаем, что язык вошел в жизнь как в средство общения. Оно существует через речь. Когда мы говорим об обучении иностранного языка, мы, в первую очередь, имеем в виду обучение его как средство общения. Один из способов является аудирование. Этот аспект не очень полностью изучен и находится все еще в центре внимания



многих методистов.

Статья рассматривает проблемы и трудности понимания слушания. Цель статьи состоит в том, чтобы определить, что такое аудирование, его особенности и самые соответствующие пути и методы обучения, чтобы сделать успешное изучение. Если мы даем определение слову “слушание” – способность определить и понять то, что говорят другие. Это включает понимание акцента или произношения говорящего, его грамматики и его словаря и схватывания его значения. Способный слушатель способен к выполнению этих четырех вещей одновременно.

Слушая иностранный язык студенты должны быть очень внимательными. Они должны напрягать свою память и силу, чтобы сохранять последовательность звуков, которые они слышат, и расшифровать его. Есть три вида трудностей, которые студенты должны преодолеть при прослушивании иностранного языка. Они: фонетический, лексический и грамматический.

Успешное обучение в руках успешного преподавания и каждый учитель должен знать, чему учить и как учить. Мы должны провести уроки на английском языке, чтобы быть носителем языка для наших студентов, чтобы они могли получить блестящую способность в понимании аудировании. Прослушивание делает большой вклад в повышение внутреннего мотивацию для изучения иностранного языка. Когда человек понимает, что он слышит, он готов говорить и общаться.

**Ключевые слова:** аудирование, схватывание, высказывание, удерживать, предвкушение, восприятие, разговорная беседа, эффективный слушатель.

**Introduction.** When we say a person knows the language we first of all mean he understands the language spoken and can speak it himself. Language came into life as a means of communication. It exists and is alive only through speech. When we speak about teaching a foreign language, we first of all have in mind teaching it as a means of communication. Speech is a bilateral process. It includes hearing, on the one hand, and speaking on the other. When we say “hearing” we mean listening or listening comprehension.

What is listening? Listening is the ability to identify and understand what others are saying. This involves understanding a speaker’s accent or pronunciation, his grammar and his vocabulary, and grasping his meaning. An able listener is capable of doing these four things simultaneously.

Every teacher should remember that listening comprehension is a complex psychophysiological process which implies the work of psychological mechanisms – mechanisms of memory, of thinking, of anticipation, of oral perception etc. The sense of apprehension of speech is “mental-mnemonic” activity which is realized through the complex logical operations such as analysis, synthesis, deduction, induction, comparison, abstraction and so on. Listening comprehension leans on hearing sensations. Our organs of hearing are under the influence of the colloquial speech. When we listen somebody’s speech we reproduce it simultaneously in the form of inner speech. The speed of utterance shouldn’t fall behind the hearing sensations and important role is also given to distinct articulatory habits which are the condition of clearness and quickness of understanding [1, 87].

**Methodology.** Listening is difficult for learners because they should discriminate speech sounds quickly, retain them while hearing a word, a phrase, or a sentence and recognize these as a sense unit. Students can easily and naturally do this in their native language and they cannot do this in a foreign language when they start learning the language. Students are very slow in grasping what they hear because they are conscious of linguistic forms they perceive by the ears. This results in misunderstanding or a complete failure of understanding. While listening a foreign language students should be very attentive and think hard. They should strain their memory and will power to keep the sequence of sounds they hear and to decode it. Not all the students can cope with the

difficulties and entailed. The teacher should help them by making this work easier and more interesting. This is possible on condition that he will take into consideration the following three main factors which can ensure success in developing students' skills in listening:

- 1) linguistic material for listening;
- 2) the content of the material suggested for listening comprehension;
- 3) condition in which the material is presented [2, 21].

**Discussion.** 1) Comprehension of the text can be ensured when the teacher uses the material which has already been assimilated by students. However, this does not completely eliminate the difficulties in listening. Students need practice in listening comprehension in the target language to be able to overcome **three kinds of difficulties**: phonetic, lexical and grammatical.

Phonetic difficulties appear because the phonic system of English is different. The hearer often interprets the sounds of a foreign language as if they were of his native language which usually results in misunderstanding. The following opposites present much trouble to beginners in learning English:

ə – s tr - tʃ ʌ - ɔ a: - ɔ  
ə – f dr - dʒ s – z ɔ: - ə:  
w – v t - tʃ æ – e

Students also find it difficult to discriminate such opposites as:

ɔ: - ɔ, a - ʌ, i: - i, u: - u

Бұл мақалада шет тілі сабақтарында аудио-визуалды материалдар негізінде білім алушыларда тыңдау дағдыларын дамыту негізі қарастырылады. Мақалада, сонымен қатар, шет тілі сабақтарында тыңдау дағдыларын дамыту, технологиялардың түрлері және оны тиімді пайдалану әдістері, мәдениетаралық коммуникативті әдістеме еңбектері сыни тұрғыдан қарастырылады.

**Түйін сөздер:** тыңдау дағдыларды дамыту, аудио-визуалды, коммуникативті оқыту, шетел тілін оқыту.

Абзи А.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>магистрант кафедрасы иностранных языков,  
КазНПУ имени Абая

### РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ АУДИРОВАНИЯ У ОБУЧАЕМЫХ НА ОСНОВЕ АУДИО-ВИЗУАЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА (УРОВЕНЬ B1, B2)

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются основы развития навыков аудирования у учащихся на основе аудио-визуальных на уроках иностранного языка. В статье также критически рассматриваются развитие навыков, аудирование на уроках иностранного языка, виды технологий и методы их эффективного использования, работа методов межкультурного общения.

**Ключевые слова:** развитие навыков аудирования, аудио-визуальное коммуникативное обучение, обучение иностранным языкам.

Abzi A.A.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>master's student of the Department of foreign languages,  
KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan

### DEVELOPMENT OF LISTENING SKILLS OF LEARNERS THROUGH AUDIO-VISUAL MATERIALS OF FOREIGN LANGUAGE LESSONS (LEVEL B1-B2)

*Abstract*

This article discusses the basics of developing listening skills in students on basis of audio-visua

lin foreign language lessons. The article also critically examines the development of listening skills in foreign language lessons, the types of technologies and methods of their effective use, the work of methods of intercultural communication.

**Keywords:** development of listening skills, audio-visual communication training, teaching foreign languages.

**Кіріспе.** Елбасымыз Н.Назарбаев “...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі мектеп мұғалімдерінің сіздердің еншілеріңіз”, – деп сенім артады. Сол сенімнің кілті білікті де, білімді ұстаздар қауымының қолында екенін бір сәтте естен шығармауымыз керек. Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылу алға қойған мақсаттардың бірден-бірі. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді.

**Сараптама.** Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі мектеп өміріне енуде. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн. Ал біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернетті, компьютерлік желі, электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімділігін күшейту және білім сапасын көтеру керек болып отыр. Олай болса барлық сабақтарды ақпараттық технологияны пайдалану арқылы жүргізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, ноутбуктар, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Бүкіл оқыту барысына коммуникативтік бағдар бере отырып, оқушылардың ауызша сөйлеу (монолог, диалог) тыңдап-түсіну, оқушыға өтілетін тақырып бойынша грамматика, лексиканы ұғындыру мақсатында, орындалатын әрбір тапсырманы және жүргізу барысында қолданылатын кестелерді, интерактивті тақтаны пайдалана отырып көрсеттім. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: материалды қызу талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash-анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен

слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео-роликтер көруге, сол тілде жазылған мәтінді тыңдауға; тест сұрақтарымен таныстырып, бір топ оқушыны тесттен өткізуге; суреттерді бір фонға қойып, суреттерді қимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға; сөз-жұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға мүмкіндік береді; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын қолдану маңызды. Нәтижесінде оқушылар өз ойларын бағдарлама талаптарына сай үйретіліп отырған тілде еркін жеткізе алды, шетел тілін қатынас құралы ретінде пайдалана білді, пәнге деген қызығушылықтары артты. Өткен тақырыпты қайталау мақсатында Activote құралы арқылы тест тапсырмасын өткізуде, Activote құралының тиімділігі оқушылардың жауаптары бірден бағаланады. Бұл әсіресе АББҚ оқушыларды шапшаңдыққа, тез ойлана білуге үйретеді.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, көкірегі ояу, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Білім беру жүйесін 2010-2015 жылдарға дейін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы.*

2 *Исаева Г. Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары.*

3 *«Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы.*

4 *Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі, №2, 2000. – 45 б.*

5 *Мақсұтқанова М. Интерактивті тақта. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы, 2010 ж. – 32 б.*

6 *Мусаева Г.Ә. Ақпараттық технологияны оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану. Мектептегі технология, 2010 ж. – №5. – 32 б.*

7 *Жаримбетова Г.Т. Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері. Мектептегі технология, 2008 ж. – №9. – 34 б.*

МРНТИ 14.35.09

*С.А. Кунанбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Шетел тілдері кафедрасының магистранты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ*

**МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ӘДІСІН АҒЫЛШЫН ТІЛІ  
САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада модульдік оқыту технологиясын сабақта тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Бұл технология білім мазмұнын, білімді игеру қарқынын, өз бетінше жұмыс

істей алу мүмкіндігін оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Қарапайым дағдылар мен біліктілікті қалыптастыра отырып, материалды пысықтау оқу модулінің бүкіл тақырыбы, бөлімі немесе мазмұны бойынша жүзеге асырылады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті әр сабақта әр оқушының өзіне қиындықтың үш деңгейінде ұсынылған оқу материалын тыңдауға, жазып алуға, көруге және айтуға мүмкіндігі болатындай етіп құрылады. Ойын ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, жеке-топтық және жұптық жұмыс, даулар, пікірталастар) қолдану арқылы оқыту міндетті болып табылады.

**Түйін сөздер:** модульдік оқыту технологиясы, сабақ, жеке жұмыс, топтық жұмыс, оқу модулі, деңгей, жеке тұлға.

*Кунанбаева С.А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрант кафедры иностранных языков,  
КазНПУ имени Абая*

## **ЭФФЕКТИВНОЕ ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ МОДУЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

### *Аннотация*

В данной статье рассматривается продуктивное использование модульной технологии на уроке. Эта технология связана с необходимостью проработки учебного материала всеми учениками на 3-х уровнях сложности в зависимости от уровня подготовленности, обученности каждого ученика. Проработка материала на уровнях воспроизведения, элементарных умений и навыков и переноса знаний производится по всей теме, разделу или содержанию учебного модуля. Познавательная деятельность учащихся строится таким образом, чтобы каждый ученик на каждом уроке имел возможность слушать, записывать, видеть и проговаривать учебный материал, предлагаемый ему на трех уровнях сложности. Обязательным условием является обучение посредством игровой организации и применения разнообразных активных форм (групповая, индивидуально-групповая и парная работа, диспуты, дискуссии).

**Ключевые слова:** технология модульного обучения, урок, самостоятельная работа, групповая работа, учебный модуль, уровень, личность.

*S.A. Kunanbayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Master student at the Department of Foreign Languages,  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

## **EFFECTIVE USE OF MODULAR TEACHING TECHNOLOGY IN ENGLISH LANGUAGE CLASSROOM**

### *Abstract*

This article discusses the productive use of modular technology in the classroom. This technology is associated with the need to study the educational material by all students at 3 levels of difficulty, depending on the level of preparedness, training of each student. The study of the material at the levels of reproduction, elementary skills and knowledge transfer is carried out on the entire topic, section or content of the training module. The cognitive activity of students is structured in such a way that each student at each lesson has the opportunity to listen, write down,

see and pronounce the educational material offered to him at three levels of difficulty. A prerequisite is learning through the game organization and the use of various active forms (group, individual-group and pair work, disputes, discussions).

**Keywords:** modular teaching technology, lesson, independent work, group work, modular teaching, level, personality.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық үрдісті кез-келген үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері баланың жеке дамуына бағытталған жаңа оқу технологияларын ұтымды қолданысқа алуында.

Білім алу – адамзат әрекетінің ең маңызды бір түрі. Білім алуда адамның ішкі мүмкіндіктері, қабілеті мен дамуы, қалыптасу үрдісі байқалады. Қабілет, бір жағынан, адамның білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудағы саналы әрекетінің нәтижесі болса, екінші жағынан, адамның табиғи-генетикалық ерекшелігімен тікелей байланысты. Осыған орай, қазіргі білім беру парадигмасында білім алушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарауға үлкен мән беріп отыр. Осыған орай оқытуды екі жақты әрекетке: субъект-субъектілік, диалогтық қарым-қатынасқа салу мәселесі шешімін табуда. Қазіргі білім беру парадигмасы философиясының өзгеруі білім беру жүйесі қызметкерлерін оқытудың ақпараттық және компьютерлік технологияларға негізделген сапасымен қамтамасыз ету қажеттілігін талап етуде.

Әлемдік оқу үрдісінің өзегі жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Мектептегі білім мен тәрбие беру жүйесінің міндеті – оқушылардың жан-жақты танымдылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай отырып, әр оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту. Әр мектеп білім беруді жоғары деңгейге көтеру мәселесін қолға алып, білім беру үрдісін басқару мәселесін жүзеге асыруда. Білім беру үрдісін басқару жүйесінің құрылымы жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Білім беру жүйесі – әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күні мектеп алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – модульдік оқыту.

**Модульдік оқыту технологиясы** – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша

айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Модуль – оқу мазмұны мен технологиясын біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланысшы. С.И. Ожеговтың пайымдауынша «Модуль дегеніміз – белгілі бір тақырып бойынша бөліктердің өзара топтастырылған жүйесі». Яғни, модуль – тұтас бір жүйенің бөлшегі, пәннің негізгі заңдылықтарын ашатын ұғымдардың, бір-біріне байланысты элементтердің жиынтығы. Модульдік технология дегеніміз – білім алушының ішкі мүмкіндіктеріне, қабілетіне қарай өз бетімен ізденуіне, әрекет етуіне лайықталған дидактикалық құрылым, адамның өзін-өзі дамуының амалы, жолы.

М.М. Жанпейісованың технологиясында модуль 3 құрамды бөліктен тұрады:

1. Кіріспе
2. Сөйлесу
3. Қорытынды

Әр оқу модулінде сағат саны әр түрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Зерттеулер нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсетті. Оқу модулінің өзгешілігі – жалпы сағат санына қарай кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлеу бөлімінің меншігінде болады. Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларға жалпы оқу құрылымының мақсаты мен міндеттерін таныстырады. Содан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т. б. үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Тақырып мазмұнына «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмалар мен зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, жазбаша және ауызша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әрбір берілген оқу материалын сабақта үш күрделілік деңгейінде тыңдау, жазу, көру және айтуға мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. 3,4-сабақтардан бастап оқушыларға стандарт талаптарына сай тапсырмалар беріледі (III және II деңгейлер).

I деңгей тапсырмалары дарындылықтың екі түріне, яғни интеллектуалдық және креативтік дарынды балаларға арналған.

Оқушылардың оқу материалдарын қайта жаңарту деңгейін, қарапайым біліктерін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері тандайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Оқушылардың білімін бақылаудың формалары оқу пәнінің ерекшелігіне орай тестілік, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік тапсырмалар түрінде оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі. Егер сөйлесу бөлімінде оқушыларға үш деңгейлік (жеңілдетілген стандарт, стандартты, стандарттан жоғары) тапсырмалар берілсе, қорытынды бөлімде барлық оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай бірдей тапсырмалар беріледі.

Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар бөлек есептеледі. Олар баяндама, хабарлама, реферат түрінде болуы және оқушылардың ғылыми қоғамына (ОҚҒ), конкурстарға ұсынылуы мүмкін. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес. оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына

бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін бірден-бір технология.

Оқыту технологиясының әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі оның білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерін, яғни жадының алуан түрін (есту, көру, қимыл-қозғалыс және т.б.), ойын, ынта, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілде) дамытуға бағытталуында.

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен тұрады:

1. Кіріспе-қызықтырушылық
2. Операционалдық-танымдық
3. Рефлексиялық-бағалау.

Психологтар дәлелдегендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін балалардың мақсатты түсінуі аса маңызды. Ол үшін оның мағынасы нақты айқын белгіленіп, оған жету тәсілдері көрсетілуі керек. Қандай да бір құбылысты тану барысында адамда оны түсінгендік, меңгергендік сезімі пайда болуы тиіс.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші — операциялық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады. Бұл бөлімді қарастыру үшін біз Л.Фридманның төмендегідей ережелеріне негізделген тұжырымдамасына сүйенейік:

1. Бала жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызмет жүйесі ретінде қаралады. Олар баланың қисынды ойлауын, қабілеттерін көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылық және т.б., яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқытуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен баланың қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Басқару икемді болуы тиіс. Балалардың іштей өсуі жүргенде ғана білім дәрежесінің артуына мүмкіндік болады.

4. Балалар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалыққа бағытталған болуы тиіс.

5. Оқу процесін басқару балалардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Модульдік оқытудың құрылымы оның мазмұнына негізделген:

1. Оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. Балалардың білім деңгейін алдын ала бағалау;
4. Оқу әрекетінің жиынтығы;
5. Нәтижені бағалау.

Оқу модулін құрудың тағы бір ерекшелігі – мұғалімнің даярлық жүйесі. Мұғалім бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын анықтап алғаннан соң, оның мақсатын, мазмұнын және нәтижелерін, сондай-ақ осы модуль сабақтарын ұйымдастырудың формасын ойластырып, оқу модулін құрайды. Бұл технология:

- бала тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- танымдық процестерін дамытуға;
- жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға;
- тұлғаны қиындықтарға даярлау, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттан-

дыруға ықпал етеді.

Ал оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейі 4 түрге бөледі:

1. Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Сөз соңында бүгінгі күн талабына сай нақты, терең білім беруде жаңа технологиялар бірден-бір ұстаз сүйенер тұтқа дегім келеді.

Қорыта айтқанда, модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

1. Уақыт үнемделеді;

2. Сабақтың сапасын көтереді;

3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады;

4. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Модульдік оқыту технологиясын сабақта қолдану – ағылшын тілін оқытуда сабақтың білім сапасын көтерудің факторы болып табылады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006.

2 Қамзина М. Модульдік оқыту технологиясы // Тәрбие құралы, 2005.

3 Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары // Ғылыми-практикалық жинақ. – Алматы, 2008.

4 Искакова Р., Ерназарова З. Жаңа технологияны пайдалану әдістері. – Қызылорда, 2004.

5 Жадрин М.Ж. ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері. – Алматы, 2002.

6 Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Қазақстан халқына Жолдауы. 28.02.2007.



МРНТИ 14.35.09

З.К. Машурова<sup>1</sup>, Ж.А. Абуов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

## ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Аңдатпа*

Қазіргі кезде онлайн оқу режимінде отырған оқу орындары мобильді технологиялар арқылы білім беру үрдісіне көшіп мобильді технологияларды кеңінен қолдануға көшуде. Мобильді технологияларды қолдану білім алушыларға мобильді құрылғыларға бейімделген білім беру ұжымының білім беру порталы арқылы онлайн-курстардағы білім туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ресурстар білім алушылардың өзіндік жұмыс режимінде қолданылады. Онлайн режимде семинарлар мен пікірсайыстарға қатысуға дайындалу, топтық жобаларды, тапсырмалар мен тест жұмыстарын орындау, сонымен қатар өзін-өзі бақылау, аралық және қорытынды тестілеу жұмыстары қолға алынды. Электрондық пошта, ватсап арқылы кеңес алу мүмкіндігі бүкіл оқу процесінде қамтамасыз етілуде. Бетпестік оқу процесін қолдау шеңберінде мобильді құрылғылар сабақ соңында қысқа тест өткізуге, маңызды ақпаратты жазуға (аудио жазба функциясы мен камераны қолдана отырып), анықтамалық және ақпараттық-оқу материалдарына сабақ кезінде онлайн түрде қол жетімділікті пайдалануға да болады. Қазіргі заманғы мобильді компьютерлік құрылғылар сыныптан тыс уақытта да практикалық жаттығулар үшін де өте қажет. Осы бағытта мақалада қазіргі шетел тілін оқытуда мобильді технологияларды қолданудың негізгі ерекшеліктері мен кейбір мәселелерін қарастыруға арналады.

**Түйін сөздер:** онлайн оқыту, мобильді технологиялар, мобильді құрылғылар, шетел тілін оқыту, ақпараттық оқу материалдары.

*Машурова З.К.<sup>1</sup>, Абуов Ж.А.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>магистрант 2 курса, КазНПУ имени Абая

<sup>2</sup>д.ф.н., профессор, КазНПУ имени Абая

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОБИЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

*Аннотация*

В настоящее время учебные заведения переходят к онлайн образовательному процессу за счет мобильных технологий и повсеместного использования мобильных технологий. Использование мобильных технологий позволяет студентам получить доступ к информации об обучении на онлайн-курсах через образовательный портал образовательного процесса, адаптированный для мобильных устройств. Эти ресурсы используются в организации самостоятельных работ студентов. Подготовка проводится к участию в онлайн-семинарах и

дискуссиях, групповых проектах, практических заданиях и тестах, а также самоконтроль, промежуточное и итоговое тестирование. Возможность получить консультацию по электронной почте WhatsApp предоставляется на протяжении всего процесса обучения. В рамках очного обучения мобильные устройства могут также использоваться в организации тестов в конце урока, студенты могут записывать важную информацию (с помощью функции аудиозаписи и камеры) и использовать онлайн-доступ к справочным и информационным материалам во время урока. Современные мобильные компьютерные устройства незаменимы и для внеклассных мероприятий. В связи с этим статья посвящена основным особенностям и некоторым вопросам использования мобильных технологий в современном обучении иностранным языкам.

**Ключевые слова:** онлайн-обучение, мобильные технологии, мобильные устройства, изучение иностранных языков, информационные учебные материалы.

*Mashurova Z.K.<sup>1</sup>, Abuov Zh.A.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>master student, KazNPU named after Abay*

*<sup>2</sup>doc. of philol. sc., professor, KazNPU named after Abay*

## **USING MOBILE TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE LESSONS**

### *Abstract*

Currently, online educational institutions are moving to the educational process through mobile technologies and the widespread use of mobile technologies. The use of mobile technologies allows students to access information about education in online courses through the educational portal of the educational team, adapted to mobile devices. These resources are used in the organization of independent work of students. Preparation is developed for participation in seminars and discussions online, performance of group projects, tasks and tests, as well as self-monitoring, intermediate and final testing. The opportunity to get advice via e-mail, WhatsApp is provided throughout the learning process. As part of the face-to-face learning process, mobile devices can also take short tests at the end of the lesson, record important information (using the audio recording function and the camera), and use online access to reference and information materials during the lesson. Modern mobile computer devices are indispensable both for extracurricular activities. In this regard, the article is devoted to the main features and some issues of the use of mobile technologies in modern foreign language teaching.

**Keywords:** online learning, mobile technologies, mobile devices, foreign language learning, information training materials.

Шетел тілдерін үйрену көп жағдайда жаңадан бастаушыларға ғана емес орта деңгейдегі білім алушылар үшін де қиындық туғызады. Ф.Б. Бөрібекова мен Н.Ж. Жанатбекова өз еңбектерінде «Педагогикалық технология – оқыту үдерісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, білім берудің тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде түсіндіріледі» [1, 12 б.]. Шетел тілінің мұғалімдері оқытудың инновациялық және мобильді технологиялардың тиімді әдістерін үнемі іздестіруге тырысады. Сондықтан қазіргі заманғы мобильді технологияларды қолдану сөзсіз қажет үрдіске айналуға. Өйткені олар оқушыларға кез-келген дәстүрлі сыныптағы оқыту орталарына қарағанда өздерін оқытылатын шетел

тілінің атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыста Google Docs жүйесін шетел тілдерін оқытуға қолдану және осы құралды іске асырудың тиімділігін қарастырамыз. Әлемнің әр бұрышындағы ұялы байланыс нарығының кеңеюі қарқыны таң қалдырады. Google Docs және басқа да wiki технологиясына негізделген бағдарламалар жобалар бойынша ынтымақтастықты жеңілдетеді және оқушылар тобы үшін жалпы жұмыс алаңы бола алады.

Олар Интернет арқылы қол жетімді, сондықтан пайдаланушының немесе құрылғының орналасқан жеріне қарамастан онлайн режимде пайдалануға болады. Білімгерлер бағдарламаларды пайдалануды тез үйренеді, ең алдымен олар Microsoft Office-ке ұқсастығымен ерекшеленеді. Google Docs негізінен Microsoft Word, Excel және PowerPoint, бірақ интернетте ақысыз қол жетімді. Microsoft Office құжаттарды компьютеріңіздің қатты дискісінде сақтау арқылы Google Docs оларды Google серверлерінің бірінде сақтай алады және оған кәдімгі браузер (Internet Explorer, Firefox және т.б.) арқылы интернет қосылымы арқылы қол жеткізуге болады. Онлайн режимде құжаттарды басқалармен бөлісуге болады және оларды кез-келген уақытта бірлесіп өңдеуге немесе қарауға рұқсаты бар адамдар үшін қол жетімді. Дегенмен, Google Docs бірлескен, жалпыға қол жетімді веб-сайттар ретінде жұмыс істеуге арналмаған. 2014 жылы бүкіл планетамен байланысқан мобильді құрылғылардың саны 7 миллиардтан асып түскен. Ал қазіргі кезде біз оны сауда жасау, банктік қызмет, жұмыс немесе білім алу деңгейіне көтеріп жатырмыз [2, 52].

Мобильді құрылғылар адам саны артуына қарай және жұмыс орталықтарының, білім берудің онлайн режиміне көшуіне байланысты кең таралуда. Бір жерге бару үшін де ұялы телефон пайдаланатын адамдар үшін ол оңай нәрсеге айналды. Смартфондар мен планшеттер сияқты жаңа мобильді құрылғылардың пайда болуымен байланысты мобильді орта жұмыс үстеліндегі бауырларынан бұрын өзінің гүлденуіне жетті. Мобильді интернеттің өсуінде бәсеңдеу белгілері байқалмайды. Қысқаша айтқанда, мобильді қосымшалар, бағдарламалық жасақтамалар, аппараттық құралдар, қызметтер мен инфрақұрылымды құрастыратын ұялы байланыс нарығы келешек ұрпақтың тұтынушы құрылғылары мен процестерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ал шетел тілін оқыту олардың бірі болып табылады. Мобильді оқытудың анықтамасы үнемі өзгеріп отырады. Мобильді оқытуды белгілі бір жерде оқушыны іздеуге қойылатын талаптар болмаған кезде оқыту формасы деп атауға болады. Мұнда әр түрлі мобильді технологиялардың артықшылығы алдыңғы қатарға шығады. Өйткені оқыту әдістемесі оқушылардың ұтқырлығы мен смартфондар, MP3 ойнатқыштар, планшеттер, PDA, eReader, MP3 ойнатқыштар, ноутбуктар және басқа да ақылды құрылғылар сияқты портативті құрылғылармен өзара әрекеттесуге бағытталған. Дегенмен, бұл диапазон сандық дауыстық жазғыштарды, электронды кітаптар мен сөздіктерді және мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға арналған көмекші технологияларды қамти отырып үнемі кеңейіп отырады.

Мобильді құрылғылар жан-жақты болып келеді. Шетел тілін оқытуда олар сөйлеуді, аудио және видео материалдарды қолдануды, оқылымды, жазылымды, ақпаратты іздеуді, есептеулерді, ойын ойнауды және тағы басқаларды орындауға мүмкіндік береді. Мобильді құрылғыны таңдау оқушылардың жасына, орналасқан менкен жайына, мақсаттарына және басқа факторларға байланысты. Әдетте жастар мен жасөспірімдер ұялы телефондар мен жеке медиа ойнатқыштарды пайдаланады. Ересек оқушылар өз жұмысында қолданатын қалтадағы дербес компьютерлерді (PDA), смартфондар мен ноутбуктерді қолдана алады [3, 48]. Жетілдірілген мобильді құрылғылар адамдарға өте ұнайды. Ең алдымен олар сымсыз және портативті. Бұл функционалдық мүмкіндіктер пайдаланушыларға жолда келе жатып та сөйлесуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл құрылғылардың танымал болуы олардың бірнеше деңгейде жұмыс істеу қабілетінің, яғни бірнеше құрылғылардың функцияларын орындауының салдарынан болып табылады. Сонымен қатар, мобильді құрылғылардағы қарқынды коммерциялық бәсекелестік өндірушілерді жоғары инновациялық болуға мәжбүр

етеді және үнемі бәсекеге қабілетті бола алатын жаңа функцияларды енгізуге тырысады. Осыған байланысты білім берушілер және бағдарламаны дамытушылар осы құрылғыларды қазіргі заманғы оқыту мен оқуды қолдану туралы ойлануы керек.

Шетел тілін оқыту ортасында білім беру мазмұны мен оқытуда студентке жеке сымсыз мобильді құрылғылар арқылы сабақ беруге болады. Бұл дербес компьютерлік оқыту мен оқыту моделіне тағы бір жағдай жасайды. Бұл сонымен қатар электрондық оқыту тәрбиешілер мен оқушылар үшін білім берудің мүлдем өзгеше болатын ортада өтетіндігін білдіреді. Мобильді оқыту білім беру қызметі ретінде тек қолданылатын технологиялардың толық мобильді болған кезде және технологияны пайдаланушылар оқыту кезінде мобильді болған кезде ғана мағыналы болады. Осы ретте Кукульска-Хьюм «оқытудың ұтқырлығын» және «мобильді оқыту» терминінің маңыздылығын атап көрсетеді. Трекслер және осы модельдің басқа да жақтаушылары мобильді оқытуды сымсыз және сандық құрылғылар ретінде анықтайды [5]. Мобильді технологиялар көпшілікке арналған және білімгерлер қолдана алады. Өйткені олар білім беру жүйесінің қатысушылары болып табылады. Мобильді технологиялар білім алушылардың мобильділігі мен оқыту мобильділігіне, сондай-ақ оқушылардың мобильді құрылғыларды пайдалану тәжірибесіне назар аудара отырып, мобильді оқытудың түрін анықтайды [4, б. 62].

Мобильді оқытудың негізгі мақсаттарын қарастырып көрелік:

- ыңғайлы уақытта және кез-келген жерде қарым-қатынас жасау, бұл ұжымдық жұмыс мүмкіндігін кеңейту;
- білім алушыларға қол жетімді мобильді құралдарды пайдалануды оңтайландыру;
- әрдайым қолжетімді материалды ықшамдап сақтау;
- оқыту үдерісін қарқындату;
- білім беру деңгейінің дамуының заманауи әлеуметтік тапсырыс пен барлық жерде мобильді құрылғыларды қолданатын оқушылардың қызығушылықтарына сәйкестігі.

Қазір мобильді оқыту бұрынғыдан да өзекті болып отыруының тағы бір себебін атап өтелік. Бір жағынан мобильді технологиялар арқылы оқу материалдарын қолдану оның тартымдылығымен ерекшеленеді, екінші жағынан, іс жүзінде ыңғайлы және мүмкін болуында. Білім алушылардың көпшілігі мұндай жаңа технологияларды өте жоғары бағалайды. Оқу орындарының көпшілігі сыныпта мобильді құрылғылардың қолданылуын құптамайтындығына қарамастан, оқушылар үшін мобильді оқытуды қолданудың тиімді жақтары айқын:

1. Салыстырмалы түрде арзан күнделікті технологияларды қолдана отырып білімге қол жетімділікті жақсарту. Осы ретте мектептегі компьютерді немесе басқаларға тиесілі жабдықты пайдалану кезінде қол жетімді болмауы мүмкін, сондықтан өз қарқынныңызбен оқуға мүмкіндік аласыз. Аудио немесе әлеуметтік медиаға мобильді қол жетімділік сияқты танымал өзара әрекеттесу үшін жақсы қолданыстағы технологияларды сұрыптап қолдана аласыз.

2. Нақты білім беру қажеттіліктеріне жақындығына келсек, оқушылардың мектеп бағдарламасынан тыс қызығушылықтарын дамыта аласыз. Мысалы олардың қажеттіліктерін подкасттар немесе тегін оқу материалдары арқылы қосымша ресурстарға қол жеткізу арқылы қанағаттандыруға болады. Мобильді құрылғыларды пайдалану заманауи іскерлік өмірдің бөлігі болып табылады. Сондықтан оқыту бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, өмірлік дағдылар мен оқу дағдыларын игеруге және жұмыс әдістерін жетілдіруге тікелей ықпал етеді.

3. Шетгелділік коммуникацияны қолдау, яғни, білім алушылардың оқу үдерісі туралы алған әсерлерімен бірден бөлісу мүмкіндігі немес ықтимал оқыту проблемаларын жақсарту және диагностикалауда тиімділігі бар. Оқушыларды әлеуметтік желі арқылы немесе жеке тәлімгердің көмегімен тәуекел тобындағы білім алушыларға психологиялық қолдау жасау [4, б. бес]. Білімгерлер мобильді құрылғыларды пайдаланған кезде қызығушылықтары артып, оқуға ынталары артады. Көптеген зерттеулер олардың оқу үлгерімі жақсарып келе жатқанын көрсетеді. Тәрбиешілер ретінде біз осыны ескеріп, мобильді оқыту құрылғыларын оқу

жоспарымызға енгізудің қауіпсіз, тиімді әдістерін іздеуіміз керек.

Жалпы, мобильді оқыту – бұл тәрбиешілер үшін керемет мүмкіндік, бірақ біз көп жағдайда бұл мүмкіндікті өте үстірт пайдаланамыз, қол жеткізген нәрселерден аз ғана бөлігін аламыз. Жақсы дайындықпен және жоғары технологиялық гаджеттермен жұмыс уақытының жеткілікті болуымен мұғалімдер көп ұзамай осындай құрылғыларды сабақта үнемі қолдану арқылы басшылыққа алатын үлкен жетістікке жетеді. Аталаған жоспарды жүзеге асыруда, біз белгілі бір мәселелерге тап болуымыз мүмкін. Мобильді оқытуды енгізудің кейбір әрекеттерінде мобильді құрылғылар өндірушілері демеушілер ретінде тартылады және оқыту ұйымдары білім алушыларды өздері қалаған мобильді құрылғылармен қамтамасыз етті. Бұл мобильді оқыту моделін енгізуді бастауды едәуір жеңілдетеді, бірақ неге белгілі бір құрылғыларды қолдау және техникалық қызмет көрсету туралы сұрақтар туындайды. Қазіргі кезде білімгерлер бірінші кезекте жеке мобильді құрылғыларды пайдаланады.

Тағы да бір мәселе – мұғалім ретінде білім берушілер мобильді технологияларды оқушыларға олардың ойын-сауық емес, білімге көмекші құралдар екеніне сендіруі керек. Көптеген оқытушылар мобильді оқыту үдерісі сыныптан тыс жерде жүретіндіктен, оқу үдерісі назардан тыс қалуы мүмкін деп қорқады. Электрондық ресурстарға арналған авторлық құқық мәселесі де туындайды. Өйткені сіздің жеке материалдарыңызды жасақтау жеткілікті жоғары біліктілікті немесе мамандардың қатысуын талап етеді. Бұл уақытты, сондай-ақ қаржылық шығындарды көбейтеді және көптеген мұғалімдерге осы оқыту моделін қолдануға кедергі келтіреді. Оқытушыларға көбіне оқушылардың мобильді оқытуды қолдану мүмкіндігін кеңейту үшін білім жетіспейді. Бұл өте маңызды, өйткені білімгерлер қарапайым байланыс үшін мобильді құрылғылардың барлық түрлерін қалай басқаруды білегенімен, оқу құралы ретінде пайдалан алмауы мүмкін. Нәтижесінде оқытудың тиімділігін бағалау әдістерін қайта қарау қажет. Мұндай жағдайда мұғалімдер өздерінің техникалық құзыреті жеткіліксіз және практикалық сабақ кезінде оқушыларға көмектесе алмайтындықтарын сезінеді. Ұзақ мерзімді пайдалану үшін мобильді құрылғыны қайта зарядтау қажеттілігі туралы айтпай кетуге болмайды, және технологияның жоғары деңгейіне қарамастан, бұл мәселе болып қала береді.

Мобильді құрылғылармен жұмыс істеу кезінде біз басқа техникалық қиындықтарға тап болуымыз мүмкін. Мысалы, экранның кішкентай өлшемде болуы. Ұялы желіге қосылу құны ұялы интернет байланысын пайдаланудағы кедергілердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Телефон сымдары мен кабельді интернетті пайдаланатын кең жолақты технологиясы жоқ аймақтарда мобильді оқытуды қолдану мүмкін емес. Мұндай жағдайларда әлемнің кез келген нүктесінде кең жолақты қол жетімділікті қамтамасыз ете алатын спутниктік интернетті пайдалануға болғанымен, бұл өте қымбатқа түседі.

Үлкен бір мәселе ретінде айта кететін нәрсе - мобильді технологияны пайдалану адамдардың қарым-қатынасына қауіп төндіреді және стресстің жоғарылауына немесе шамадан тыс жүктеме сезімдеріне әкелуі мүмкін. Мобильді құрылғылардың кең қолданылуы жеке өмірге және жеке қауіпсіздік сезіміне кері әсер етуі мүмкін. Алайда, өзінің кемшіліктері мен шектеулеріне қарамастан, мобильді оқыту жылдам таралуда және болашақта оқытудың ең тиімді әдістерінің біріне айналуы мүмкін. Мобильді оқытуды қолдану мен қолдану кеңейіп келеді. Дегенмен бағдарламаны әзірлеушілер, практиктер мен зерттеушілер үшін осы оқыту моделінің кеңеюінің ықтимал жағымсыз салдары әлі толық анықталмаған. Бұл түсінік өткен кезеңдердегі педагогикалық жобалау тұрғысынан осы нақты ортамен жұмыс істеу тәжірибесін зерттеу үшін қажет.

Қорыта келгенде, технологияның дұрыс бағытта дамуы мобильді оқытудың тиімділігіне әкеледі. Оқу үдерісінің ұтқырлығы мен оқушылардың ұтқырлығы идеясына тән көптеген аспектілерді қарастыруда қажет етеді. Білім беру құралы ретінде мобильді оқыту құрылғыларының әр түрлі артықшылықтары мен кемшіліктерін егжей-тегжейлі анықтау

кажет. Мобильді құрылғылар біздің өміріміздің барлық салаларына еніп келеді және ұтқырлық білімгерлерге қойылатын негізгі талаптардың біріне айналуға. Ұялы байланысын қолданатын дәстүрлі емес онлайн оқыту формалары да үлкен әлеуетке ие болуда. Біз білімнің болашағы мобильді оқытуда болатындығына және олардың қажетті ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ететін технологияларды дамытатынына сенімдіміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.

2 Traxler J. Defining, Discussing and Evaluating Mobile Learning: The Moving Finger Writes and Having Writ... The International Review in Open and Distance Learning, 8 (2007). – 1-13.

3 Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім енісісі // Бастауыш мектеп, 2011. – №4. – 25 б.

4 Wylie J. Mobile learning technologies for 21<sup>st</sup> century classrooms. URL: <http://www.scholastic.com/browse/article.jsp?id=3754742>, (дата обращения: 28.09.2020).

5 Кукульска-Хьюм А. Мобильное обучение. URL: <http://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214679.pdf>, (дата обращения: 28.03.15).

МРНТИ 14.35.09

*Г.Бауыржан<sup>1</sup>, А.С. Режен<sup>1</sup>, М.Ж. Мырзахмет<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>филология және әлем тілдері факультеті,  
ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Берілген ғылыми мақалада қазіргі уақыттағы шетел тілін оқыту үрдісін жаңашаландыру әдістері мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар туралы жазылған.

Инновациялық технологиялар арқылы оқытудың ерекшеліктері мен маңыздылығы, білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технологиялар мен түрлері және өзара байланысы қарастырылған. Сонымен қатар оқытудың дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияларына салыстырмалы түрде сипаттама жасалған.

**Түйін сөздер:** инновациялық оқыту тәсілдері, ақпарат құралдары, ақпараттық технология, электронды оқулық, білім беру, оқу процесі.

Бауыржан Г.<sup>1</sup>, Режеп А.С.<sup>1</sup>, Мырзахмет М.Ж.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Факультет филологии и мировых языков,  
КазНУ имени аль-Фараби

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

### *Аннотация*

В данной научной статье рассмотрены методы и особенности современной модернизации процесса обучения иностранному языку. В этом направлении пишутся разные варианты содержания, структуры образования, новые идеи, основанные на науке и опыте, новые технологии.

Рассмотрены особенности и важность обучения через инновационные технологии, новые информационные технологии и виды и их взаимодействие в системе образования. Также дано сравнительное описание традиционных и новых информационных технологий обучения.

**Ключевые слова:** инновационные методы обучения, медиа, информационные технологии, электронные учебники, образование, учебный процесс.

Baurzhan G.<sup>1</sup>, Rezhep A.S.<sup>1</sup>, Myrzakhmet M.Zh.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Faculty of Philology and World Languages,  
KazNU named after al-Farabi

## FEATURES OF THE USE OF INNOVATIVE METHODS AND INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH

### *Abstract*

This scientific article considers the methods and features of modern modernization of the process of teaching a foreign language. In this direction, different versions of the content, structure of education, new ideas based on science and experience, new technologies are written.

Features and importance of teaching through innovative technologies, new information technologies and types and their interaction in the education system are considered. There is also a comparative description of traditional and new information technologies of teaching.

**Keywords:** innovative teaching methods, media, information technology, e-textbooks, education, learning process.

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны жария еткені көпшілігімізге мәлім. Ал 2007 жылы Елбасы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды. Кейін Елбасы оған 2009 жылы Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында өткен бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық рөліне байланысты басқосуда да мән беріп: «Бұл жерде мемлекеттік тіл – қазақ тілін білу парыз. Екінші орыс тілінен айырылып қалмауымыз керек. Білген тілден ажырауға болмайды. Көп тіл білгеннің зияны жоқ. Мысалы, Швейцарияда такси жүргізушілерінің өзі төрт тіл біледі. Үшінші- ағылшын тілі. Біз ағылшын тілін

білмесек, әлемдегі озық инновацияға, технологияларға шыға алмаймыз. Өйткені, барлығы сол тілде жүргізіледі. Жастарға айтатыным осы. Тілге мемлекет тарапынан көңіл бөліне береді», - деді. Міне осылай Елбасының таңдап берген тапсырмасының бағытымен бүгінгі таңда еліміздің жастары тынбай жұмыс жасауда. Себебі, жастарымыз шетел тілі, оның ішінде ағылшын тілін жеттік меңгеру бүгінгі күннің үлкен қажеттілі екенін біледі. Әсіресе студент жастарымыз бүгінгі заман талабына сай болу керетігін санасына мықтап құйған.

Осы бағытта ағылшын тілі оқытушысы ретінде бірінші кезекте біздің де арқамызда үлкен жауапкершіліктің тұрғаны белгілі. Студент жастарымызға білімін шыңдай түсу үшін ең бірінші кезекте біздің ықпалымыз өте зор. Бүгінгі күнде оқытушыларымыз студенттердің жемісті және тиімді іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль - сабақ, саяхат-сабақ және т.б. жатқызуға болады. Сабақта қолданылатын ақпараттық технологияның бірі – интерактивті тақта. Интерактивті тақтаның сабақ үдерісінде оң нәтижеге жету үшін тигізетін әсері ерекше. Интерактивті тақтаны сабақта қолдану Activstudio бағдарламасының мүмкіндіктерін қолдану арқылы жүзеге асады.

Бүкіл оқыту барысына коммуникативтік бағдар бере отырып, студенттердің сөйлеу (монолог, диалог) тыңдап-түсіну, өтілетін тақырып бойынша грамматика, лексиканы ұғындыру мақсатында, орындалатын әрбір тапсырманы және жүргізу барысында қолданылатын кестелерді, интерактивті тақтаны пайдалана отырып көрсетілді. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: материалды қызу талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash-анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео-роликтер көруге, сол тілде жазылған мәтінді тыңдауға; тест сұрақтарымен таныстырып, бір топ студентті тесттен өткізуге; суреттерді бір фонға қойып, суреттерді қимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға; сөз-жұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға мүмкіндік береді; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын қолдану маңызды.

Нәтижесінде студенттер өз ойларын бағдарлама талаптарына сай үйретіліп отырған тілде еркін жеткізе алады, шетел тілін қатынас құралы ретінде пайдалана біледі, пәнге деген қызығушылықтары артады. Өткен тақырыпты қайталау мақсатында Activote құралы арқылы тест тапсырмасын өткізуде, Activote құралының тиімділігі студенттердің жауаптары бірден бағаланады. Бұл әсіресе студенттерді шапшаңдыққа, тез ойлана білуге үйретеді.

Оқу үдерісінде ақпараттық технологияны қолдану оқытушының жеке іс-тәжірибесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Ақпараттық технологияны оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіндіктер береді. Ол студенттердің пәнге қызығушылығын арттырып, шығармашылықпен жұмыс жасауға жігерлендіреді.

Ақпараттық технологияны ағылшын тілі сабақтарында қолдана отырып, студенттердің білім, білік дағдыларын қалыптастыруға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуіне, техникалық құралдармен жұмыстануға, компьютерлік сауаттылықтарын жоғарылатуға болады. Жас ұрпақты оқытуда осы айтылған инновациялық технологияны пайдалану – сапалы білімнің кепілі, шығармашылық жетістіктің негізгі көзі және оқытушының кәсіби өсуінің тура жолы.

Интернет кеңістігінің берер мүмкіндігі өте зор, интернет арқылы ғаламдық желінің ақпараттық ресурстарын қолдана отырып, ағылшын тілі сабағында интернеттің көмегімен түрлі дидактикалық тапсырмаларды орындауға болады: оқу дағдыларын қалыптастыру, жазу дағдыларын қалыптастыру, студенттің сөздік қорын кеңейту, студенттің ағылшын тілін



